

көрінісі. Бұл құжаттар – тек бір адамның ғана емес, бүтін бір дәуірдің, ұлт тарихының айнасы.

Нығмет Нұрмақовтың өмірі мен қызметі – еліміздің тарихындағы рухани биіктік пен азаматтық ерліктің шынайы символы. Оның есімі – әділдікке, білім мен халыққа адал қызмет етуге ұмтылған әрбір азамат үшін үлгі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Р.Қаппасова. Нығмет Нұрмақов – аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері: оқу құралы. -Қарағанды: 2015. – 157 б.
2. Р.Үркімбаев. Ел үшін еміренгендер: публистикалық мақалалар. -Алматы: Нұрсәт, 2016. - 379 б.
3. Б.Аяған, М.Қойгелдиев. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006 – 768 б.
4. Н.А.Бейсенбекова, Г.М.Смағұлова, Л.К.Шотбакова. Н.Нұрмақов – тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау: монография. -Қарағанды: Гласир, 2020. -213 б.
5. Б.Н.Нәсенов. Абыралы – Сарыарқаның кіндігі. -Алматы; Новосибирск: 2006.- 827 б.
6. Тұрсынова Ж. Немеркнушее имя // Мысль. – 2020. - № 6. –Б.30-35

### **Н. НҰРМАҚОВ - ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ҚҰРБАНЫ**

**Қабдөшев Б.Ж.,** т.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті  
Алматы қ., Қазақстан

1936 жылы жазда Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің тұңғыш 10 күндігі өтіп жатты. Бұл шаттық пен қуанышқа толы сәттерді тамашалаған қазақ қайраткерлерінің, өнер адамдарының жаппай қуғын-сүргін қарсаңындағы соңғы бас қосуы еді. Олар тура бір жылдан соң басым көпшілігінің жау атанып, адам басына бермес азаппен жарық дүниемен қоштасатынын сезген де жоқ. Осындай ресми той-думанға Н.Нұрмақов Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің өкілі ретінде емес, бар жан-тәнімен ұлтын сүйетін ел азаматы ретінде жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызымен әр шаралардың бас-аяғын қалдырмай қатысумен болды. Көзі көргендердің айтуынша, Нығмет Нұрмақов алған әсері жайлы сол кезде Францияда іссапармен жүрген Левон Мирзоянға хабарлаумен болыпты [1]. Бір жағынан, 1932-33 жылдардың нәубетінен аман қалған елдің есін жиып, өзді-өзіне келе бастаған шағы. Жұртының осылайша жадырағанын көріп шүкіршілік еткен Нығмет Нұрмақов, келген қонақтардан үнемі елдің жағдайын сұраумен болыпты. Осылайша жазылған естеліктер оның өмірінің соңында елімен сағынысып, қауышқан сәттерін айрықша бейнелейді.

Көп кешікпей, ызғарлы 1937 жыл келді. Өмірі қылға ілінген миллиондаған адамдардың тағдыры әлемтапырық болып, бірі атылып, бірі тозаққа тасталып жатты. Сталиндік қолшоқпарларға Қазақстанда кең көлемде айыптау науқандарын ұйымдастыру үшін ірі тұлғалардың есімдері қажет болатын. Біздің пайымдауымызша, Мәскеудегі қазақ қайраткерлерінің қатарында оңтайлысының бірі Н.Нұрмақов болғандықтан оны айыптау ісі бірінші кезекке қойылды. Оңтайлысы дегеніміздің мәні мынада: біріншіден, кешегі Қазақстан үкіметін ұзақ жылдар басқарған басшы Н.Нұрмақовтың Мәскеуде билік басында отырса да, үкімет мүшелері арасында ықпалы әлі де сақталып қалды. Ендеше ел азаматтарымен терең байланысы бар Н.Нұрмақовтың басын тігу арқылы істі ұйымдастырушыларға онымен кеше ғана үкімет құрамында қызмет атқарған қазақ қайраткерлерін түгелдей байланыстырып, біріктіріп жіберуіне болатын. Екіншіден, оның Қазақстанда Халком Кеңесінің төрағасы болған жылдарындағы қызметі негізге алынды яғни

өнеркәсіпті дамыту, байларды тәркілеу, жер мәселесіндегі бағыттары, көзқарасы, бір сөзбен айтсақ оның “сәдуақасовшылдығы” айыбын түрлендіруге кең мүмкіншіліктер берді. Үшіншіден, Мәскеудегі Н.Нұрмақовтың қызметіне соғып, қонақжай Зүпнүн Ыбырайқызының дастарханынан дәм татып кететін қарапайым елдің адамдары мен басшыларға дейін үзілмейтін. Солардың қатарында Мәскеуде тұратын қазақ қайраткерлерінің басым көпшілігі соңғы келген Нығмет Нұрмақовпен тығыз байланыста болып, елдің бар жаңалығын осы жерден біліп отыратын. Ендеше Н.Нұрмақовтың ісі Мәскеулік қазақ қайраткерлерін де айыптауға оңтайлы істің болғаны ақиқат.

Қазақстан Қауіпсіздік Комитетінің сұратуымен Мәскеудің Қауіпсіздік Комитетінен келіп түскен Н.Нұрмақовтың (үш томдық тергеу ісінен қысқа көшірмесі бар болғаны 29 бет) шағын тергеу ісінен қайраткердің соңғы өмірін бейнелейтін біршама маңызды мәліметтер алынды [2]. Құжаттардың анықталғаны НКВД қызметкерлері Н. Нұрмақовты Мәскеудегі жұмысында 37 жылдың 3 маусымында тұтқындапты. Ол жайлы 19 жыл қуғын-сүргіннің азабын тартып, бертінде ғана Алматыда қайтыс болған Нығметтің жұбайы Зүпнүн Нұрмақова былайша еске алады: “Нығметті Москвада 1937 жылы ВЦИК-тегі жұмысынан ұстады. Түнгі сағат 4-те НКВД-ның төрт адамы келіп, үйдің астан-кестенін шығарды. Нені іздеп жүргенін қайдан білейін.. Әйтеуір ақтарып шығу олардың міндеті сияқты болатын, қорқып кеттік. Оның үстіне зобалаңның нағыз күшіне кіріп тұрған уақыты. Күніне бәленше адам ұсталыпты дейтін алыпқашпа сөз еститінбіз. Көршіміз маршал Тухачевскийді де ұстап әкетіп еді...” [3]. Сол тінтуді жүргізуші НКВД қызметкерінің бірі Низенбергтің жасаған тізімдемесі бойынша бар болғаны Нығмет Нұрмақовтың өкімет тарапынан сыйлыққа тартылған наградалары “Зауэр” винтовкасы, “Маузер” тапаншасы, аңшы мылтықтары т.б. тәркіленген.

3 маусым күні толтырылған кінә тағу қарарында “пантюркист” деген бірақ сөз жазылыпты. 15 маусымда алғаш рет Н.Нұрмақовтан жауап алынған. Сіз, контрреволюция ұйымында болғаныңызды мойындайсыз ба? деген сұраққа: Н.Нұрмақов “ешқашан кірген емеспін” деп жауап берген [2.3]. Бұл әбден таптаурынға айналған, дәстүрлі тергеу ісінің әдеттегі бастамасы болатын. Жан-жақты бұлтартпас жалған ақпарлар жасалып, жинақталып жатты.

Н.Нұрмақовтың ұсталғаны жайлы Алматыдағы басшылықтың естіп-біліп отырғанын, кей белсенділер өзін көрсетіп қалатын оңтайлы уақытты босқа жібермейін дегендей көрініп қалуға тырысқанын да құжаттар айғақтап отыр. Солардың бірі Нығмет Нұрмақовтың ізбасары Қазақстан Халкомы Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев Қазақстан компартиясының 1937 жылғы маусымдағы өткен I съезіне қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Кеңес құрылысына қарсы зиянкестермен ымырасыз күреске үндей отырып, “партияға кіріп алған оңшыл ұлтшыл Нұрмақовтың Мәскеу қаласында біраз жылдар қызметте отырған, Қазақстанда 1929 жылға дейін Совнаркомның бастығы болып отыратын, бір жағынан, совет үкіметінің саясаты дұрыс деген болып, Троцкийдің тыңшысы болып, солармен бірге жапон, германдардың байларына сатылмақшы болып жүргендігі көрініп, қазіргі уақытта ұсталып отырғандығынан” хабардар етті [4].

О.Исаевтың екіленіп дем беруінің нәтижесінде Н.Нұрмақовтың туған жері Қарағанды облысындағы А.Асылбеков, Нұрсейітов т.б. бір топ басшыларының жаумен байланысы болғаны да айтылды. Яғни Н.Нұрмақовтың тікелей басшылығымен Қарқаралы округінде, кейін бүкіл Қарағанды облысында құрамында Асылбеков, Нұрсейітов, Гатауллин, Избасаров, Ордабаев, Шамсутдинов және т.б. бар контрреволюциялық, ұлттық-фашистік, зиянкестік ұйымның 1934 жылдан бері әрекет жасап, қарулы көтеріліс арқылы Кеңес билігін құлатуды мақсат етіп қойыпты. Бұл қолдан дайындалған істің құжаттарымен толық танысудың барысында өмір шындығымен жанасатын жайлардың болғанына немесе ащы ақиқаттың айтылғанына көзіміз жетті. Тіпті істің мазмұнындағы берілген қайраткерлердің ұстанымы мен бағыты ұлт мүддесін қорғауға негізделгеніне орай оларды Қазақстанның Тәуелсіздігі

жолында ұлтымыздың болашағы үшін күрескен, жанын пиде еткен азаматтар деп бағаласақ артық болмас. Мәселен Абдолла Асылбеков 1933 жылдың көктемінде Мәскеуге барғанында Н.Нұрмақовтың кабинетінде, кейін үйінде болып, айтылған қызу әңгіме Қазақстандағы қалыптасқан ауыр саяси экономикалық жағдай жайлы болғандығын мәлімдейді. “Ұйымның” негізгі мақсаты Қазақстан халқын қалыптасқан ауыр жағдайдан құтқару үшін күрес болса, оны орталықта ірі қызметте отырған қазақ басшыларының қолдауынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Қысқасы, тағылған айыпты дәлелдеп көрсету үшін тергеу ісінің кейбір тұстарын аударып бергенді жөн көрдік. Тергеу ісінен:

– Избасаров: Асылбеков маған Мәскеуде Нұрмақов басқаратын орталық бар, Алматыдағы орталықты Сәдуақасов (Жанайдар Сәдуақасов –Б.Қ.) басқарады [5].

– Асылбеков: мен ұйымға Нұрмақовтың үгіттеуімен 1934 жылы кірдім. Мәскеуге барғанда Нұрмақовтың кабинетінде болып, ол менен Қазақстандағы жағдайды сұрады. Кейін әңгімеміз оның пәтерінде жалғасты. Мен Қазақстанға Л.И.Мирзоянның келісімен жіберілген қателіктерді түзету бағытында көп жұмыстар жасалып жатқандығын хабарладым. Нұрмақов бұл жайларды білетіндігін айтып, Қазақстанды түбегейлі құртты, деді. Мне онымен келістім, өйткені ондай пікір менде бұрын да бар еді”. Сөйтіп А.Асылбеков әңгіменің аяғын Н.Нұрмақовтың “Қазақстанды құртты (угробили)” деген сөзімен толық келіскендігімен қорытындылайды.

Көрнекті мемлекет қайраткері Абдолла Асылбеков Қазақстанның 1920 жылдардағы құрылысында ірі ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, өзінің ұстанымы мен ой-байламымен ерекшеленетін тұлғалардың бірі. Біздің ойымызша, қос қайраткердің ісін біріктіріп қараудың негіздері біріншіден, екеуінің бір елден (Қарқаралыдан) шыққаны; екіншіден, бұл азаматтар бір-бірінің қабілеті, білімі, тәжірибесін жетік біліп, бағалаған әрі үнемі қызметте де қолдау көрсеткен. Ф.И.Голощекин Қазақстанда жоғарғы саяси билік басына келгенде шындықты айтуда шыдамсыз, өткір сөйлейтін А.Асылбеков сияқты қазақ қайраткерлерін республика басшылығындағы тұтқалы қызметтен бірден шеттеткені мәлім. Сөйтіп Қарағанды облысы басшыларына қатысты 100 беттен асатын машинкаға басылған кінәлау ісінің соңғы нүктесін қойысымен, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының арнайы алқасының төрағасы Громовтың 1937 жылдың 23 қыркүйекте істің анықталып, аяқталғаны жайлы жеделхат Мәскеудегі Жоғарғы Сотқа жөнелтілді. Оның қысқартылған мәтіні мынадай: “Мәскеуге. СССР Жоғарғы Соты. Винокуровка. Халық жаулары Нұрмақов, Құлымбетов т.б. тікелей нұсқауымен Қарағанды облысының Қарқаралы округінде 1934 жылы құрамында Асылбеков, Ғатауллин, Избасаров, Ордабаев, Шамсутдинов тағы бірқатар адамдардың қатыстырылуымен контрреволюциялық, ұлттық-фашистік ұйым құрылды. Бұл ұйым троцкий-бухариндік орталықпен байланысып, мақсаты Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасау, фашистік мемлекеттердің интервенциясы негізінде Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкету, капитализмді қалпына келтіру болды”. Одан ары Қарағанды облысын өз ықпалына қаратқан бұл ұйымның бар қылмыстары айғақталып дәлелденгені, республикалық арнайы қауіпсіздік органдарының табысы ретінде баяндалады. Бұл шешім Мәскеуде тағдыры қыл үстінде тұрған Н.Нұрмақовтың ісіне үкім шығаруды жеделдетті. Мәскеуде 26 қыркүйекте 1937 жылы СССР Жоғарғы Соттың әскери алқасының кеңесінде әскери заңгерлер Голяков, Ждан, Кандыбин, Рогинскийлердің қатысуларымен Нұрмақовтың ісі қаралды. Ешбір куәлерсіз, істі аяқтауға дәлелдердің толық, жеткілікті екендігі жайлы қорытындыға келеді.

27 қыркүйекте СССР Жоғарғы Сотының әскери алқасы сотталушы Нұрмақовтың бар кінәларын “мойындағанын” жеткілікті деп санап, мынадай үкім шығарды: “Подсудимый Нурмаков в прошлом антисоветский настроенный в 1921 году был вовлечен в состав руководства антисоветского пантюкистского центра в СССР и возглавил антисоветскую национальную повстанческую акцию против руководства партии большевиков и правительства и занимался вредительской работой в Казахстане” дей келіп, “тәркіленсін

және атылсын” деген қаулы қабылданды [2.8]. Сөйтіп, бар болғаны 15 минут уақыт ішінде, ірі қайраткер, бар саналы өмірін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуімен байланыстырып, КСРО құрамындағы аз-ұлттардың жанашыры болып танылып үлгерген қазақ азаматының тағдыры шешілді. Үкім сол күні орындалды деп көрсетілген. Осылайша қырықтың қырқасына енді ғана шыққан Нығмет Нұрмақовтың да ғұмыры замандастары секілді қысқа болды.

Біздің ойымызша, біріншіден, Н.Нұрмақовтың жау атануына негіз болатын мүмкіншіліктердің ешбірін қалыс қалдырған жоқ. Атап айтсақ, біріншісі, Н.Нұрмақов Қарқаралы өңіріне белгілі Қу болысының атақты байы Ақаев Хасенмен тығыз байланыста болуы – өмір шындығы. Оның демеушілігімен Қарқаралы училищесін, кейін Омбы мұғалімдер семинариясын бітірді. Аудармашысы, іс жүргізушісі болып қызмет жасады. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін екеуі де Қарқаралы уезінде құрылған уақытша үкіметтің мүшелері болды. 1927–1928 жж. Ф.И.Голощекин және оның жақтастарының Нығмет Нұрмақов Қарқаралыдағы туыстарына көмектесті деген айыптауларының бәрін де түбегейлі жоққа шығаруға болмас. Назар аударарлық бір жайт, Ақаев Хасеннің тәркілеу науқаны кезінде комиссияның тіркеп, тәркілейтін малы қалмаған. Біздің болжамымыз бойынша Ақаев Хасен тәркілеу науқанының болатындығын алдын-ала білген, ол жайға оның көзін жеткізген Н.Нұрмақов. Жылда маусым-шілде айлары еңбек демалысын Қарқаралыда өткізетін Нығмет Нұрмақовтың сол өңірдің ауқаттысы, ескі танысы, тіпті аталас болып келетін туысқаны Хасен баймен кездеспеуі мүмкін емес. Екінші негіз Н.Нұрмақовтың 1922 жылдың ақпанында Қарқаралының белгілі байы Ақпаев Ыбырайдың қызы Зүпнүн Ыбырайқызымен отау құрды. Осы жайлар Н.Нұрмақовтың қарсыластары тарапынан таптық тегі мен көзқарастарына күмән келтіруге, жиі-жиі жиындарда ашық айыптауға жол ашқаны мәлім. Өнеркәсібі дамымаған елде ауыл шаруаларын жұмыспен қамти алатын тек бай шаруашылықтар екендігі, оларды күшпен емес, экономикалық тетіктерді қолдана отырып әлсірету жайлы Н.Нұрмақовтың пікірлері, көзқарасы, ұстанымын Ф.И.Голощекин және оны жақтаушылар тарапынан қайын жұртын қорғап отыр деген жеке басына тағылған кінәмен басу оқиғалары көп кездеседі. Ал мұндай көзқарастың болуына туыстық байланыстың ықпал еткенін тағы да жоққа шығара алмаймыз. Аталған мәселелер Н.Нұрмақовты халық жауы ретінде айыптауға бұлтартпас дәлелдер. Үшіншіден, 1922 жылдан-ақ Н.Нұрмақов ұлттық мүддеге қайшы келетін саяси бағыттарға өз наразылығын білдіре бастады. Көп жағдайда ол Қазақ Өлкекомның бюросында ұлттық мәселелерге қатысты нақты көзқарасын білдіріп, өз пікірінде қалу. Наразылықтың шегі 1924 жылдың наурызында қазақ коммунистерінің атынан қазақ қайраткерлерін ұлтшылдықпен айыптау пиғылының өріс алғандығын мәлімдеген 14 адам қол қойған хат БК(б)П орталық Комитетіне жолданғаны болып табылады. Н.Нұрмақовтың Қазақстан үкіметін басқарған жылдар ішінде кеңестік саясаттың ұсынған бағдарламасымен келіспеген, ұлттық мүдде мен ерекшеліктерді ескеруді талап еткен және сол бағытын жүзеге асыруға күресіп баққан әрекеттері Ф.И.Голощекин оның жақтастары тарапынан қарсылыққа кез болды. Ол қарама-қайшылық мал шаруашылығын дамыту жолдары, қазақтардың ата қонысын қайтару, оларды жерге орналастыру, байларды тәркілеу сияқты шаруашылық бағыттарда айқын көрінді. Төртіншіден, Н.Нұрмақовтың адамгершілік, ізгілік қасиеттері басым болғаны жайлы естеліктерде көп айтылады. Бұл тұрғыдан алғанда қарт жазушы Жайық Бектұровтың естелігінің тағылымдық мәні зор. Сол естеліктерде көрнекті қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың жұбайы Злиха апайдың аузынан жазып алған мынадай әңгіме келтіріледі. Мағжанның ұсталып, түрмеде отырған кезі. 1929 жылдың көктеміндегі міндеттелген мемлекеттік астық салығын төлеуге берері болмай қиналып жүргенде, Петропавлға қызмет бабымен Халком төрағасы Н.Нұрмақовтың келгенін естиді. Ауыл басшыларынан көлік сұрап, Злиха апай түнделетіп қайнысы Нығметке жолығып қайтады. Қысылтаяң заманда “салықтан босатылсын” деген үкімет басшысының қол қойып берген бір жапырақ қағазы ұлы ақынның жарының есінде мәңгілік сақталып қалыпты...

Осылайша Н.Нұрмақовтың көзін жойған жендеттер енді “халық жауының” туысқандарын жазалауға кірісті. Нығмет Нұрмақовтың қилы заманда таңдап қосылған жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызы Нұрмақова да көп кешікпей қамауға алынып, Мәскеудің Бутыркасында, сонсын Карелияда 1941 жылға дейін темір тордың ар жағында отырды. Соғыс басталысымен туған отаны Қарағанды лагеріне жөнелтілді. “Нығметті 1937 жылы 3 июньде ұстаса, мені сол жылы 20 июльде қамауға алды. Сонымен Москваның Бутырка түрмесінде 4 жарым ай отырдым. Содан соң мені Москва түбіндегі бір түрмеде 1939 жылға дейін ұстады. Түрмедегі әйелдерді 1939 жылы жазда жинап Карело-Фин АССР-іне этаппен алып жүрді. Ал сол жылдары осы автономиялы республикасының жерінде тұтқындар лагері көп болатын. Оны жасыруға болмайды. Көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталып, мұндағы лагерьдегі тұтқындарды да эвакуациялады. Вагондарға тиелген тұтқын әйелдерді жолшыбай ешқандай лагерь қабылдамағандықтан әйтеуір өгіз аяңмен 1941 жылы Карлагке алып келді... Әсіресе мені қинағаны балаларымның жағдайы – деп тағы да өткенді есіне алады Зүпнүн Нұрмақова, – Тамара деген қызым балалар үйінде қайтыс болып кетіпті. Ал Нояным балалар үйінен әскерге “штрафной батальонға” алынған екен. Содан “халық жауының” баласы деген қоңырауды әкесі Нығмет Нұрмақов ақталғанша тағып жүрді” [3.9]. Осылайша тізбектеліп, шер боп тарқатылған естеліктерді оқудың өзі ауыр. Қазақ қыздарының санаулысы болып білім алған, ел азаматына жолдас болып, жұртының алғысына, құрметіне бөленіп жүрген Зүпнүн Ыбырайқызының кейін Қарағанды шахтасына шам ұстаушы болып орналасқанына қатты қуанады деп кім ойлаған.

Нығметтің өз әкесі Нұрмақ, қайын атасы Ыбырай Ақпаев та халық жауының туған-туысқаны ретінде айдалып, кейін үштіктің үкімімен атылды. Сондай-ақ, Нығмет Нұрмақовтың Қазақ әскери атты полкінде қызмет атқарып жүрген бауыры Құрманғали, қайын інісі Абдулхамит сияқты бас көтерер ер-азаматтар түгелдей дерлік мерт болды... Олардың үрім бұтақтарының қилы тағдырын суреттеудің өзі ауыр.

Нығмет Нұрмақовтың туған ұлы Ноян соғысқа 1941-1945 жылдардағы соғысқа қатынасып, әскери қызметін жалғастырумен капитан дәрежесінде құрметті демалысқа шықты. Анасымен бірге әкесінің ақталғаны туралы қағазды алды. 1956 жылы жеке басқа табынудың зардаптары әшкереленіп, миллиондаған кеңес азаматтары ақталды. Кезек Н.Нұрмақовқа да жетті. Анасымен бірге ұлы әкесінің ақталғаны туралы қағаз алды. КСРО Жоғарғы Соты әскери алқасының 1956 жылғы 11 тамыздағы үкімінде: “Приговор Военная коллегия Верховного суда от 27 сентября 1937 года в отношении Нурмакова Нигмета Нурмаковича во вновь открывшимся обстоятельствам отменит и дело о нем на основании 5 ст. УПК РСФСР производством прекратить. Нурмаков Н. Н. реабилитирован посмертно,” – делінген. Көп кешікпей Мәскеу қаласынан Нұрмақовтарға тиесілі пәтер берілді. Әкесін елге танытуға Нығметұлы Ноян да ат салысты. 1960-70 жылдары Ноянның құзырлы үкімет басшыларына, тарихшыларға, жазушыларға және өнер қайраткерлеріне жазған хаттары мұрағатта сақтаулы. Соғыстан алған жарасы меңдеп ауыра берген Ұлы Отан соғысының ардагері Ноян Нұрмақов 1986 жылы Мәскеуде анасының қолында қайтыс болды. Ол Мәскеудегі Ваганьков зиратында жерленген. Зүпнүн апамызды кейін Алматыдағы туыстары Нығмет Нұрмақовтың туған інісі Жәмелдің балалары Рабиға Жәмелқызы қолына алып, бақты. 1996 жылы Зүпнүн Ыбырайқызы 94 жасында көз жұмды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Бектасов Ә. Аяулы азамат еді//Қазақстан мұғалімі. – 1965.-3 мамыр.
- 2 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаты, -№1152-іс, 1-29 бб.
- 3 Тасымбеков А. Жазығы не еді апалардың? // Өркен. – 1988. – 17 қыркүйек. – 9 б.
- 4 Политические репрессии в Казахстане 1937-1938 гг. –Алматы, 1998. –С. 70.
- 5 ҚРОММ., 1680 – қ., 2– т., 5 – іс, 64 – п.